

№ 24 қор. «Сырым аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 1942-2005 жылдар аралығындағы өзгерістер туралы

## Тарихи анықтама

Жымпиты ауылы

15 тамыз 2013 жыл

Сырым аудандық еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімінің БҚО мемлекеттік мұрағаты Сырым филиалына тапсырылған құжаттарының мерзімі 1942 жылдан басталады. Сол кездегі атауы «Жымпиты уездік қамсыздандыру бөлімі» болып аталған.

**Негіздеме: «Алаштың Ақ Ордасы» кітабынан,  
242-243 парақтарынан, 2004 жыл.**

Бөлімнің алғашқы құжаттарынан бөлімнің пайда болған немесе құрылған уақыттары туралы деректер табылмады.

Жымпиты аудандық еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімі болып 1983-1991 жж жұмыс жасап келді. 1991 жылдың қыркүйек айынан бастап 2004 жылдар аралығында Жымпиты ауданы Сырым ауданы болып ауысуына байланысты, Сырым аудандық еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімі болып жұмыс жасады.

**Негіздеме: Қ-143, Т-1, і-4, п-31**

Сырым ауданы әкімиятының 05.01.2005 ж №1-5 қаулысына сәйкес мекеменің атауы өзгеріп «Сырым аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып жұмысын жалғастыруда.

**Негіздеме: Қ-24, т-1ж, і-122, п-2**

Бөлімнің құрылтайшысы – Сырым ауданы әкімияты болып табылады.

Мекеменің басты міндеті 1998 жылға дейін зейнетақы және мемлекеттік жәрдемақы тағайындау болатын. 1999 жылдан бастап мемлекеттік әлеуметтік саясат, халықты жұмыспен қамту Заңының, зейнетақы реформасының негізі бағыттарын жүзеге асыру және олардың орындалуын, методикалық үйлестірулерін қамтамасыз ету. Халықтың табысы мен өмір сүру деңгейін көтеру, кедейшілік пен жұмыссыздықтың деңгейін төмендету шараларын жүзеге асыру. Жұмыссыздарды тіркеу, олар үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру, кәсіби даярлау және қайта даярлау, тұрмысы төмен отбасыларға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету болып табылады.

«Сырым аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жанында үйден әлеуметтік көмек көрсететін бөлімшесі бар.

Бөлімшенің негізгі атқаратын міндеттері: үй ішінде қызмет жасауға мүмкіндіктері жоқ жалғыз тұратын ауру қариялар мен мүгедек жандарға көмектесу. Олар аудандық денсаулық сақтау мекемелері арқылы дәрігерлік анықтамалар толтырылып, сол бойынша айқындалады. Дәрігерлік бақылаудан өткеннен кейін, ол адамдарды бөлімнің қамқорлығына алып, керекті құжаттарын толтырып, күнделікті тұрмыс тіршілігіне қажетті жұмыстарына көмек көрсетіп отырады: үйлерінің ішкі-сыртқы тазалықтарының сақталуына көңіл бөліп, үйлерін ақтау, жуып беру, керек

болған жағдайда тамақ пісіріп, кірлерін жуып беру, қайтыс болған жағдайда жерлеуді ұйымдастыру және қамқорлығындағы зейнеткерлердің бұрын жұмыс істеген мекемелерімен тығыз байланысты болып, оларға материалдық көмек көрсетуді ұйымдастыру.

Бөлімді әр жылдарда Ж.Куанышкалиев, С.Гиниятуллин, Дабисова, С.Есенғалиева, А.Саттаров, С.Нурманова, Ғ.Сержанов, С.Мұханбетқалиев, Б.Ахметқалиев, С.Идиятов, У.Касмуханов, А.Жантурин, А.Сапарбаев, Р.Ахметжанов, Б.Ғұмаров, К.Дүйсенов, Ж.Шайхиева, Г.Сармагамбет т.б. басқарған.

**Негіздеме: «Алаштың Ақ Ордасы» кітабынан,  
242-243 парақтарынан, 2004 жыл.**

Бөлімнің әр жылдарда бекітілген штаттық кестесі:

**1965 жыл:**

Меңгеруші-1

Аға инспектор -2

Инспектор -2

Есепші -2

Счетовод – 4

Еден жуушы – курьер – 1

**Негіздеме: Қ-24, Т-1, і-43, п-5**

**1998 жыл:**

Бөлім бастығы – 1

Аға мамандар – 3

Мамандар – 6

Еден жуушы – 1

**Негіздеме: Қ-24, Т-1, і-96, п-1**

**2004 жыл:**

Бөлім бастығы – 1

Орынбасары -1

Бас мамандар – 5

Жүргізуші мамандар - 4

Мамандар – 3

Еден жуушы – 1

**Негіздеме: Қ-24, т-1, і- 121, п-1**

Барлық жылдардың штаттық кестелері түгел тапсырылмаған.

2002-2005 жылдар аралығында ауданда қосымша 385 жұмыс орны ашылған. Соның ішінде шағын бизнес саласында 104, ауыл шаруашылығы саласында 15, басқа салаларда 21, науқандық жұмыстарда 425. Сонымен қатар өз кәсіптерін ашу үшін «Микрокредит» арқылы 33 адамға несие берілген. 2002 жылы жұмыссыздар саны 429, жұмыс сұрағандар саны 376, соның ішінде жұмыспен қамтылғандар 213 адам. 2005 жылы жұмыссыздар саны 452, жұмыс сұрағандар 376 адам, соның ішінде жұмыспен қамтылғандар 277 адам.

Мұрағат қорының көлемі мен құрамында өзгерістер болған жоқ.

Құжаттардың сақталу деңгейі – қанағаттанарлық.

Құжаттар құрылымдық-функционалдық және хронологиялық бағыты бойынша жүйеленген.

Мұрағаттық қордың хронологиялық шегінен асатын құжаттар жоқ.

Мұрағаттық қорға жасалған ғылыми-анықтамалық аппарат құрамын тізімдемелер, тарихи анықтамалар құрайды.

№ 1 тұрақты сақталатын тізімдемеге негізгі қызмет және жеке құрам жөніндегі бұйрықтар, хаттамалар, жоспарлар, штаттық кестелер, шығындар сметалары, зейнетақы тағайындау туралы жылдық статистикалық есептер, көп балалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы төлеу жөніндегі жылдық статистикалық есептер, бөлімнің жұмысы туралы құжаттар, негізгі қорлар жағдайы туралы, еңбек жөніндегі есептер, аудандық қаржы бөлімінің қаржы қызметіне тексерісу туралы құжаттар т.б. құжаттар енгізілді.

№ 1ж жеке құрам бойынша тізімдемеге зейнеткерлердің, қызметкерлердің есепшоттары, зейнетақы тағайындау туралы комиссия отырысының хаттамалары, көп балалы және жалғыз басты аналарға жәрдемақы тағайындау туралы комиссия отырыстарының хаттамалары, марапаттауға ұсынылған көп балалы аналарды тіркеу кітаптары, еңбек ақы есептеу ведомостылары, зейнеткерлерді тіркеу кітаптары, міндетті әлеуметтік аудару, әлеуметтік төлемдерді аудару бойынша жеке тұлғалардың тізімдері мен төлем тапсырмалары т.б. құжаттар енгізілді.

№2 уақытша сақталатын (10 жылдан жоғары) тізімдемеге қызметкерлердің еңбек өтілдерін белгілеу бойынша комиссия отырысының хаттамалары енгізілді.

№№1, 1ж тізімдемелеріндегі индекстер хронология бойынша қойылды. 1985-1990 жж, 1995-1996 жж, 1999-2001 жж, 2002-2003 жж негізгі қызмет және жеке құрам жөніндегі бұйрықтары бір кітапта жазылған, парақтың екі жағы да толтырылған, бұйрықтарды әр жылға ажыратып, тігуге мүмкіндік болмады.

Бөлімде негізгі қызмет және жеке құрам жөніндегі бұйрықтар бір кітапта жүргізілген. Зейнетақы тағайындау туралы комиссия отырыстарының хаттамалары, зейнеткерлердің есепшоттары арнайы дайындалған баспахана (типографиялық) кітаптарында жазылған.

1979-1997 жж негізгі қызмет жөніндегі және 1981-1998 жж жеке құрам жөніндегі құжаттары сақтауға тапсырылмаған. Бұл жөнінде 11.12.2008 ж № 618 санды Сырым аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі меңгерушісінің анықтамасы осы тарихи анықтамаға жалғанып отыр.

Бөлім жанында жұмыс жасайтын үйден әлеуметтік көмек көрсететін бөлімшенің құжаттары сақтауға тапсырылмаған.

01.08.2013 жылға қорда барлығы 313 сақтау бірлігі болды. Ғылыми-техникалық сараптау, өңдеу кезінде 27 іс ажыратылып, қайта тігілді, олар зейнеткерлердің есепшоттары, нәтижесінде қор бойынша 340 сақтау бірлігі тізімдемелерге енгізілді. Жалпы, ғылыми-техникалық өңдеу барысында барлық құжаттар жаңа мұқабаға тігіліп, парақтар нөмірленіп, істердің нөмірлері, индекстері қойылып, қорытынды жазбалары жазылып, құжаттардың барлық тиісті деректемелері талапқа сәйкес ресімделді. Қор құжаттары жаңа қораптарға оралып, нәтижесінде 59 жаңа бума, 59 жаңа жапсырма жасалды.

Қор құжаттары бойынша жою үшін құжаттар бөлінген жоқ және қордың хронологиялық шегінен шығатын құжаттар туралы мәлімет жоқ.

Ғылыми-техникалық өңдеуден кейін төмендегідей есептік құжаттар құрастырылды:

1. 131 іс енгізілген 1950-1978, 1983-2005 жылдар аралығында №1 тұрақты сақталатын істер тізімдемесі;
2. 203 іс енгізілген 1942-1980, 1999-2005 жылдар аралығында жеке құрам бойынша істердің № 1ж тізімдемесі;
3. 6 іс енгізілген уақытша сақталатын (10 жылдан жоғары) істердің №2 тізімдемесі;
4. Мұрағаттық құжаттардың бар болуы мен жай-күйін тексеру акті;
5. Мұрағаттық құжаттарды сипаттау, тізімдемелерді қайта жасау акті;
6. Тарихи анықтама;
7. Қор кәртiшкісі.

Құжаттардың күйі және өңдеу сапасы жақсы.

Құжаттардың тілі-аралас (мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізілген).

Құрастырған,  
БҚО мемлекеттік мұрағаты  
Сырым филиалының директоры



А.А.Шілмұқанова